

Мемлекеттік орман кадастры мен ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 ақпандағы N 188 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 853 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.26 № 853 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу ережесі;
- 2) Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасында мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қарашадағы N 1198 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 46, 560-құжат);

2) "Қазақстан Республикасында орман экологиялық жүйесі мониторингін жүргізудің құрылымы, мазмұны және тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 қазандағы N 1030 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 42, 496-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 7

а қ п а н д а ғ ы

N 1 8 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібін белгілейді (бұдан әрі - **Е р е ж е**) .

2. Мемлекеттік орман кадастры Қазақстан Республикасы мемлекеттік кадастрлар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) және оның аумақтық органдарымен бірыңғай жүйе бойынша жүргізіледі.

3. Орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері мемлекеттік орман кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарға қатысады.

4. Жекеше орман иеленушілер уәкілетті органға мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажет материалдарды (түсіндірме жазба қоса тіркелген статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен № 1 нысан бойынша «Орман қорының мемлекеттік есебі») уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Мемлекеттік орман кадастры орман қорының құқықтық режимін, оны орман иеленушілеріне бөлуді, орман қорының сандық және сапалық жай-күйін, мемлекеттік орман қорын санаттар бойынша бөлу жөніндегі мәліметтер жүйесін және орман шаруашылығын жүргізу мен шаруашылық қызмет нәтижелерін бағалау үшін қажетті орман қорының экологиялық және экономикалық сипаттамалары туралы басқа да деректерді қамтиды.

Мемлекеттік орман кадастры көрсеткіштерінің тізбесін және ормандардың экономикалық бағалау әдістемесін уәкілетті орган айқындайды.

6. Мемлекеттік орман кадастры мемлекеттік жер кадастрымен өзара байланысты. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажет орман қорының жер учаскелері туралы мәліметтер мемлекеттік жер кадастрынан алынады.

2. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібі

7. Мемлекеттік орман кадастры орман орналастыру жұмыстарына толық циклын жүргізу, орман қорының мемлекеттік есебі материалдарының және орман қоры туралы мәліметтерді қамтитын басқа да есепке алу құжаттарының **н е г і з і н д е** **ж а с а л а д ы** .

8. Орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері: есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ағымдағы өзгерістер мен орман қорының жай-күйі туралы мәліметтерді орман кадастрының материалдарына енгізеді;

басқару мақсатында орман қорының жай-күйі мен серпінін бақылау, бағалау және болжам жасау жүйесі болып табылады.

3. Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізуді орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган), оның аумақтық органдары мен орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бірыңғай жүйе бойынша жүзеге асырады.

4. Ормандардың мемлекеттік мониторингі бойынша материалдар әзірлеуді және уәкілетті органға беруді орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы облыстық атқарушы органдар жүзеге асырады.

2. Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібі

5. Аумақтың қамтылуына байланысты республикалық, өңірлік және жергілікті мемлекеттік орман мониторингтері жүзеге асырылады:

1) республикалық мониторинг Қазақстан Республикасы орман қорының бүкіл аумағын қамтиды ;

2) өңірлік мониторинг физика-географиялық, әкімшілік, орман-өсімдік, орман экономикалық және өзге де шекаралармен шектелген аумақтарды қамтиды;

3) жергілікті мониторинг орман қорының жекелеген учаскелеріне және орманның экологиялық жүйелерінің қарапайым құрылымдарына дейін өңірлік деңгейден төмен аумақтық объектілерде жүргізіледі.

6. Орман мониторингі :

1) мемлекеттік орман қорының санаттары бойынша жүйелі бақылаулар орындау (іздістіру, таспаға түсіру, тексеру, түгендеу);

2) орман қорының жай-күйін бағалауды өткізу;

3) орман қорының жай-күйіне ықпал ететін антропогендік әсерлерді реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу ;

4) белгілі бір уақыт кезеңіне орман қорының жай-күйіне болжам жасау жөніндегі жұмыстарды қамтиды .

7. Орман қорының жай-күйін бағалау жүргізілетін бақылауларға талдау жасау , өзгерістердің бағыты мен жиілігін зерделеу арқылы орындалады.

8. Орман қорының жай-күйінің нәтижелері бойынша жедел ақпарлар, баяндамалар, ұсыныстар және ғылыми болжамдар оларға әсіресе теріс сипаттағы өзгерістердің етек алу серпінін, бағытын және жиілігін сипаттайтын тақырыптық карталар, диаграммалар, кестелер қоса беріліп, әзірленеді.

9. Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу үшін:

1) қашықтықтан зондылаудың ;

2) орман қорының мемлекеттік есебінің және мемлекеттік орман

к а д а с т р ы н ы ң ;

3) о р м а н о р н а л а с т ы р у д ы ң ;

4) қор деректерінің (жоспарлардың, карталардың, схемалардың, кестелік және басқа да материалдардың);

5) табиғи зерттеулер мен іздестірулердің материалдары пайдаланылады.

10. Ормандардың мемлекеттік мониторингінің нәтижелері қағазға басылған күйінде де, ақпарат жинаудың, өңдеудің және сақтаудың электронды жүйелерін пайдалана отырып та есептемелер, кестелер, карталар және картографиялық материалдар түрінде ресімделеді.

3. Қорытынды ережелер

11. Уәкілетті орган аумақтық және облыстық атқарушы органдар беретін ормандар мониторингінің деректерін қорытындылайды және оларды пайдаланушыларға ұсыну үшін талдау жасайды.

12. Ормандардың мемлекеттік мониторингі бойынша деректерді п а й д а л а н у ш ы л а р :

1) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарламаларды жоспарлау және әзірлеу мәселелері бойынша, орман ресурстарын басқаруға байланысты басқа да мәселелер бойынша - мемлекеттік атқарушы және өкілдік о р г а н д а р ;

2) қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жүргізу мәселелері бойынша - деректердің жиынтық банкін жүргізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган;

3) өзге де жеке және заңды тұлғалар болып табылады.